

"2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 629 қаулыға өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі N 255 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2013 жылғы 13 мамырда N 2951 болып тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Глубокое ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 21 ақпандағы N 516-02-10 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Глубокое ауданы әкімі аппаратының 21.02.2014 N 516-02-10 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес, Глубокое ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Глубокое аудандық әкімдіктің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 629 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2867 нөмірімен тіркелген, аудандық «Огни Прииртышья» газетінің 2013 жылғы 09 ақпандағы № 12 санында, аудандық «Ақ бұлақ» газетінің 2013 жылғы 09 ақпандағы № 12 санында жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

2 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«2. Жұмысқа қатысушылардың еңбекақы көлемі 2013 жылға арналып бекітілген ең төмен еңбекақы мөлшерінде белгіленсін. Глубокое және Белоусовка кенттерін тазалау және абаттандыру жұмыстары үшін ең төмен еңбекақы мөлшерінде 1,8 есеппен еңбекақы төлемі бекітілсін.».

2. Қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары С.С. Жумадиловке жүктелсін.

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое ауданының әкімі

Н. Шерубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ